

DOI 10.54596/2309-6977-2021-3-71-77

УДК 372.878

МРНТИ 18.41.07

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКА САБАҒЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС**

**Мухатаева Ж.А., Кулахметова С.Қ.**

*М. Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан*  
(E-mail: zhamuhataeva@ku.edu.kz)

### **Аңдатпа**

Пәнаралық байланыстар бұл бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын дамыту мәселесіне кешенді көзқарас. Жұмыста кіші сынып оқушыларының музыка сабақтарына деген қызығушылығын дамытудағы музыка сабақтарындағы қазақ музыкасы мен кескіндеме арасындағы байланыс мәселесі қарастырылады. Музыка бойынша оқулыққа талдау жасалды, 4-сыныптағы музыка сабақтарында музыка және кескіндеме сияқты өнер түрлерінің өзара әрекеттесуі қарастырылды.

**Түйін сөздер:** музыка сабағы, кескіндеме, пәнаралық байланыстар, бағдарлама, музыка оқулығы, қызығушылық.

## **МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ В РАЗВИТИИ ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ К УРОКАМ МУЗЫКИ**

**Мухатаева Ж.А., Кулахметова С.Қ.**

*Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан*  
(E-mail: zhamuhataeva@ku.edu.kz)

### **Аннотация**

Музыка постоянно оказывала и оказывает воздействие на другие виды искусства и сама, в свою очередь, испытывает их влияние. Межпредметные связи - это комплексный подход к проблеме развития интереса младших школьников. В работе рассматривается вопрос связи казахской музыки и живописи на уроках музыки в развитии интереса учащихся младших классов к урокам музыки. Сделан анализ учебника по музыке, рассмотрены взаимодействия видов искусств как музыка и живопись в учебной деятельности на уроках музыки в 4 классе.

**Ключевые слова:** урок музыки, живопись, межпредметные связи, программа, учебник по музыке, интерес.

## **INTERDISCIPLINARY COMMUNICATION IN THE DEVELOPMENT OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS ' INTEREST IN MUSIC LESSONS**

**Mukhatayeva Zh.A., Kulakhmetova S.K.**

*North Kazakhstan University named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan*  
(E-mail: zhamuhataeva@ku.edu.kz)

### **Abstract**

Interdisciplinary communication is a comprehensive approach to the problem of developing the interest of younger schoolchildren. The paper considers the issue of the connection of Kazakh music and painting in music lessons in the development of interest of elementary school students in music lessons. The analysis of the textbook on music is made, the interaction of arts such as music and painting in educational activities at music lessons in the 4th grade is considered.

**Key words:** music lesson, painting, interdisciplinary connections, program, music textbook, interest.

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасының басты мақсаты-білімді және шығармашылық, құзыретті және бәсекеге қабілетті, серпінді ортада өмір сүруге қабілетті, өз мүддесі үшін де, қоғам мүддесі үшін де өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыру және дамыту. Бүгінгі таңда мұғалім оқушы үшін жалғыз ақпарат көзі емес, оқушылар АКТ және интернет-ресурстарды пайдалану қабілетінде мұғалімдерден жиі асып түсетінін мойындау керек. Сондықтан ойлау, түсіну, талдау, шешу дағдыларын үйрету үшін жаңа құралдар мен әдістер қажет [1].

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту өзінің алдына басты мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Мазмұнды жаңартуға көшу кадрлық ресурсқа жаңа талаптар қояды. Сондықтан мұғалім жаңартылған білім берудің әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға, білім беру процесінің бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін өзгертуге, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдістерін өзгертуге дайын болуы керек.

Білім беру мазмұнын жаңартуға көшу білімге деген құзыреттілік тәсіл шеңберіндегі жұмысқа, педагогтарды денсаулық сақтау технологияларымен, педагогикалық технологиялармен қамтамасыз етуге, білім беру процесін дараландырудың өсуі жағдайында жұмыс істеуге дайындықты қалыптастыруға жаңа талаптар қояды. Білім беру құрылымын жаңарту оқытудың дәстүрлі репродуктивті стилін жеңуден және оқушылардың танымдық белсенділігі мен ойлау дербестігін қамтамасыз ететін білім берудің жаңа дамушы, сындарлы моделіне көшуден тұрады. Білім беруді жаңарту бағдарламасы оқыту белсенді болуы керек, құрылған ынтымақтастық жағдайында жүргізілуі керек, оқытуды саралау керек, жүзеге асыру барысында пәнаралық байланыстар жүзеге асырылуы керек.

Пәнаралық байланыстар - бұл бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын дамыту мәселесіне кешенді көзқарас. Музыка сабағындағы пән аралық байланыстың нәтижелі жолдарын іздеу біздің зерттеуіміздің проблемасын құрды. Мақалада біз музыка сабақтарына деген қызығушылықты дамыту үшін музыка сабақтарындағы қазақ музыкасы мен бейнелеу өнерінің, оның ішінде кескіндеме жанрының байланысы мәселелерін қарастырамыз. Музыкалық-педагогикалық білім саласында беріліп отырған проблема келесі жұмыстардан өз көрінісін тапты: Б.В.Асафьев [2], Д.Б. Кабалевский [3], Э.Б.Абдулин [4], М.Х.Балтабаев [5], Р.Р.Джердималиева [6], Ш.Б.Кульманова [7], А.И.Раимбергенов [8].

### **Зерттеу әдістері**

Қазақ музыкасы мен кескіндеме құралдары арқылы музыка сабақтарына қызығушылықтың даму деңгейін анықтау мақсатында 4 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 40 оқушы қатысты, зерттеу педагогикалық практика шеңберінде жүргізілді. Жұмыста теориялық әдіс (әдебиеттерді талдау), эмпирикалық әдіс (сауалнама), диагностикалық әдіс қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері**

Көптеген ғалымдар пәнаралық байланысты – табысты оқытудың дидактикалық тәсілі деп анықтайды. Сонымен қатар, ғалымдар бұл жағдайды әр түрлі түсінеді. Мысалы: пәнаралық байланыс-мектепте ғылымды терең, жан-жақты зерттеуге негіз болатын дидактикалық тәсіл; пәнаралық байланыстар – оқу процесінің тиімділігін арттырудың дидактикалық тәсілі; пәнаралық байланыс – білім алушының ғылыми

деңгейін көтеру, оқытудың рөлі және ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық қабілеттері, танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың дидактикалық тәсілі; пәнаралық байланыс – оқытудың ғылыми-теориялық деңгейін арттыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы, білімді игеру үдерісін оңтайландыру, жалпылай келгенде оқу үдерісін жетілдіру.

Ұлы педагог Я.А. Коменский: «Өзара байланыстағы барлық нәрсе, дәл сондай байланыста берілуі қажет» деген. Ол білімді әржақты жалпыламау идеясына олардың өзара байланысына бет бұрды, себебі онсыз әлемнің себептік-салдарлық байланыстарын және құбылыстардың қатынасын тану мүмкін емес. Оқушыларда білім жүйесін қалыптастыру және оқыту процесінің бүтіндігін қамтамасыз ету үшін байланысты орнатудың мәнді екенін жақсы түсінді [9, б.200]. Отандық белгілі педагог ғалым А. Жапбаров еңбектерінде: «Пәнаралық байланыс арқылы стилистикалық ұғымдарды қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың тілін дамыту жолдарын», – қарастырды [10, б.126].

Бейнелеу өнері – бұл өмірдің белгілі бір құбылыстарын олардың көрінетін пәндік көрінісінде бейнелейтін көркем шығармашылық түрлерінің тобы (кескіндеме, графика, мүсін, көркем фотография). Бейнелеу өнерінде көркем образ әлемді кеңістіктегі және жазықтықтағы көрнекі қабылдауды бейнелейді, уақыт өте келе әдебиетте немесе музыкада болғандай дамымайды. Алайда, бұл әлем тұрақты түрде бекітілген дегенді білдірмейді. Бейнелеу өнерінің туындылары өмір динамикасын жеткізе алады, адамның рухани келбетін қалпына келтіреді. Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері-кескіндеме, графика және мүсін. Олардың арасындағы шекаралар салыстырмалы, олар бірқатар өтпелі формалармен байланысты.

| ӨНЕР ТҮРЛЕРІ                                                                                                               |                                                              |                                                                                     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| Бейнелеу өнері:<br>кескіндеме<br>(живопись),<br>графика (сурет,<br>эстамп), сәндік-<br>қолданбалы өнер,<br>мүсін, фотоөнер | Ойын-сауық:<br>театр, опера,<br>эстрада, цирк,<br>кино өнері | Бейнелеу емес:<br>сәулет, әдебиет,<br>музыка, балет,<br>хореография,<br>радио өнері |

1 сурет. Өнер түрлерінің топтамасы.

Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқы музыкалық мәдениетті қалыптастырды, оның өзіндік ерекшелігі музыкалық тілдің дәстүрлі жанрлары мен құралдарының ерекшелігінде көрінді. Өндер мен күйлер, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа отбасылық дәстүрлер мен ауылдың қоғамдық негіздері, эпикалық аңыздар мен тарихи оқиғалар берілді. Қазақтардың музыкалық шығармашылығының ерекшелігі бірегей халық аспаптары мен музыкалық шығармаларды пайдалануда ғана емес, сондай-ақ халық музыканттарының орындаушылық мәнерінің сақталуында да көрініс тапты.

Қазақ музыкасы екі жанрға бөлінеді – аспаптық және вокалдық. Бұрын ақындардың әндері тек ауызша айтылып, музыкалық негізі болмаған. Ән - қазақ халық музыкалық мұрасының ең дамыған, ең бай жанры. Әнде халық даналығы, оның рухының бостандығы, моральдардың кеңдігі мен тектілігі, халықтық этиканың ең нәзік психологиясы және ұлттық эстетиканың ерекшеліктерін өзіндік бейнелеу. Қазақ музыкасының келесі жанрының бірі - аспаптық музыка. Қазақтардың дәстүрлі аспаптық музыкасы өз дамуында халықтың тарихымен, оның шаруашылық құрылымымен, салт-дәстүрлерімен, нанымдарымен тығыз байланысты болды.



2 сурет Бейнелеу және музыка өнерінің жанрлары

Сонымен, кескіндеме және музыка - бұл адамның эмоционалды жағдайына қатты әсер ететін әртүрлі өнер түрлері. Сондай-ақ, музыкалық және бейнелеу туындыларын құрудың жалпы заңдары мен ережелері бар: симметрия, динамика, композицияның орталығы, екпін, ырғақ, тоналдылық. Жалпы заңдар дыбыс пен түстерді, музыка мен кескіндемені біріктіруге мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағына деген қызығушылығын дамыту құралы ретінде қазақ музыкасы мен сурет өнерінің өзара байланысы бойынша зерттеу жұмысы 4 сынып оқушыларымен ҚР жаңартылған «Музыка» бағдарламасы бойынша жүргізілді.


Музыка сабағына деген қызығушылықтың бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностикалық зерттеудің екі түрі ұсынылды, атап айтқанда: сауалнама және шығармашылық тапсырмаларды орындау.

Сауалнама сұрақтары:

1. Музыка сабағы ұнайдыда? (иә, жоқ,білмеймін).
2. Музыка сабағында саған не ұнайды? (ән айту,музыка тыңдау, ұнамайды).
3. Қандай музыканы тыңдаған ұнатасын? (қазақ музыкасы, шетел музыкасы, заманауи).
4. Қалай сен ойлайсың сурет және музыка өнерінің байланысы барма? (иә, жоқ, білмеймін).
5. Театрлар, мұражайлар мен көрмелер, концерттерге баруды ұнатасынба?

*1 шығармашылық тапсырма:* А.Жұбановтың «Би» пьесасын тыңдағаннан кейін осы шығарманы сипаттайтын суреттерді тандау.

2 шығармашылық тапсырма. Әнді тыңдап естіген әсерімен ұстаздың суреттін салу. Тыңдауға ұсынылған ән: «Ұстазым» әнін жазған А. Дүйсенов, сөзін жазған Б. Шомбеков. <https://www.youtube.com/watch>.



3 сурет Оқушылардың музыка сабақтарына қызығушылықты дамыту деңгейінің алғашқы пайыздық көрінісі

Зерттеу барысында сыныпта музыка және сурет өнерін пайдалана отырып, 3 сабақ өткізілді, өнер түрлеріне сипаттама берілді, қазақ халық музыкасы мен сурет өнерінің жауһарлары қаралды. Жалпы, «Музыка» пәні «Бейнелеу өнері» пәнімен бірге төртінші сынып оқушыларының музыка сабақтарына деген қызығушылығын дамытуға көмектеседі [11].

Зерттеу кезінде өткізілген сабақ тақырыптары:

Бірінші сабақ тақырыбы: «Үлкенге құрмет». Оқу мақсаты: музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру. Тыңдауға және жаттауға арналған ән: өлеңін жазған И. Иса, әнін жазған А. Бексұлтан «Ата әже». Шығармашылық тапсырма: әнді тыңдаған соң төрт суреттен тақырыпқа қатысты емес бір суретті анықтау.

Екінші сабақ тақырыбы: «Домбыра асыл мұра». Оқу мақсаты: музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; музыкалық шығарманың дыбыстауын түрлі орындауда тыңдатып анықтау және салыстыру. Тыңдауға арналған қазақтың халық күйі «Ақсақ құлан». Жаттауға арналған ән: өлеңін жазған Б. Қарағызұлы, әнін жазған И. Елубаева «Домбыра болып сөйледім».

Шығармашылық тапсырма: Сыныпты 3 топқа бөлу: бірінші топ ақсақ құланның жүрісін картинаға қарап салу керек; екінші топ күйдің ырғағын көрсету керек; үшінші топ құланның суретін салу керек. Тапсырманы аяқтаған соң картинаға қарап «Ақсақ құлан» аңызын қайталау; Бейнелік анықтамаларды «тыныш», «мазасыз», «жалынды» және т.б. ретінде қолдана отырып, музыкалық шығарманың сипатын сипаттау. Суреттерде, түстерде, орындау формаларында, жанрларда айырмашылықты табу салыстыру.

Үшінші сабақ тақырыбы: «Музыкант болу арманым». Оқу мақсаты: ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екідауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау; түрлі сипаттағы әндерді айтуда жеңіл, созып орындау дағдыларын көрсету; музыкалық көркемдеуіш құралдарды қолдана отырып, аспаптарда ойнау дағдыларын көрсету. Тыңдауға арналған шығарма: «Мамандығым туралы музыкалық әңгіме»

музыкасын жазған: Н. Хинков – Айтбаева. Жаттауға арналған «Әнші балапан» әні. Өлеңін жаған Қ. Қазыбеков, әнін жазған М. Омаров.

Шығармашылық тапсырма: картинаға қарап қандай мамандықтар көрсетілген [12].

Зерттеу соңында бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағына қызығушылығын дамығанын анықтау үшін тағыда сауалнама және шығармашылық тапсырмалар берілді.


Сауалнама сұрақтары:

1. Қандай өнер түрлерін білесін?
2. Концерт тыңдап көрген кезде өнер түрлерін байқадыңба? Қандай?
3. Ненің көмегімен музыканттар және суретшілер өзінің жан күйін жеткізеді?
4. Қалай сен ойлайсың сурет және музыка өнерінің байланысы барма? (иә, жоқ, білмеймін). Мысал келтіру.
5. Театрлар, мұражайлар мен көрмелер, концерттерге баруды ұнатасынба.

Сондай-ақ оқушыларға өнер түрлерінің білім деңгейін анықтау үшін тапсырмалар берілді:

1 тапсырма. Құрманғазының «Сарыарқа» күйін қазақ халық аспаптар оркестрінің орындауында тыңдап, осы шығармаға сәйкес келетін суреттерді таңдаңыз.

2 тапсырма. А. Жұбановтың «Би» пьесасын тыңдағаннан кейін осы шығарманы сипаттайтын суреттерді таңдаңыз.



4 сурет Оқушылардың музыка сабақтарына қызығушылықты дамыту деңгейінің кейінгі пайыздық көрінісі

Зерттеу барысында музыка сабағында шығармашылық тапсырмалар қолданылды, сондай-ақ қазақ музыкасы мен кескіндеме арқылы музыка сабағына деген қызығушылықтың даму нәтижелерін көрдік.

### **Қорытынды**

Өнердің барлық түрлерін қолдана отырып, музыкалық сабақтарды оқытудың оқу процесіне қосу мектептегі оқу жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтуге, оқушылардың білімін синтездеуге (біріктіруге) мүмкіндік береді. Мектептің 4 сыныбында музыка мен сурет өнерінің түрлерінің байланысын жүзеге асыру үшін оқу процесінде ортақ идеямен біріктірілген сабақтар жиынтығын өткізген жөн. Оқу-әдістемелік, музыкатану әдебиетін талдау және өнер түрлерінің өзара байланысын іс жүзінде жүзеге асыру жағдайы, жалпы білім беретін мектептердің музыка мұғалімдерінің жұмысы негізінде әр түрлі өнер түрлерін қолдана отырып сабақ өткізудің қажеттілігі мен орындылығы негізделген. Жұмыстың алғаш қойған мақсаты ол бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағына

деген қызығушылығын дамыту үшін қазақ музыкасы мен сурет өнерінің өзара байланысын зерттеу.

Егер музыка сабағында әр түрлі өнер түрлерін біріктіретін шығармашылық тапсырмалар қолданылса, онда бастауыш сынып оқушыларының музыка сабақтарына деген қызығушылығының тиімді дамуына ықпал етеді.

#### Әдебиет:

1. Концепция 12-летнего среднего общего образования Республики Казахстан. Министерство образования и науки Республики Казахстан Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина. Астана, 2010. <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/ru/2-raznoe/10-aza-stan-respublikasynda>
2. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном произведении и образованиях. М.-Л., 1965. - 289 с.
3. Кабалевский Д.Б. Педагогические размышления. - М., 1986. - 312 с.
4. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Музыкалық білім беру теориясы: Жоғары оқу орындарының студенттерінің оқулығы /құрастырып аударған Н. Дүкенбай. / ПМПИ баспасы, 2007. - 173 б.
5. Балтабаев М.Х. Педагогикалық мәдениеттану: Оқу құралы. - Алматы: Алтынсарин атындағы РНҚ КАО, 2000. - 216 б.
6. Джердималиева Р.Р. Қазақстан музыкалық білімі. Орта және жоғары орындарында оқитын студенттерге арналған оқу құралы. 1-басылым. Алматы, 2007. - 272 б.
7. Құлманова Ш.Б. Қазақ халқының музыкасы құралдарымен төменгі сынып оқушыларын тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесі. - Алматы, 1999. - 218 б.
8. Раимбергенов А., Аманова С. Программа «Мурагер». - Алматы, 1999. - 79 б.
9. Коменский Я.А. Великая дидактика. - М.: Педагогика, 1982. - 654 б.
10. Жапбаров А. Қазақ тілін пәнаралық байланыста оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Астана, 2009. - 162 б.
11. Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 4-арналған оқулық / Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. - Алматы: Атамұра, 2019. - 172 б.
12. Бейнелеу өнері. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). - Астана, 2015. - 49 б.

#### Adebiet:

1. Konsepsia 12-letnego srednego obshego obrazovania Respýblikı Kazahstan. Ministerstvo obrazovania i nauky Respýblikı Kazahstan Nasionalnaia akademıa obrazovania im. Y. Altynsarına. Astana, 2010. <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/ru/2-raznoe/10-aza-stan-respublikasynda>
2. Asafev B.V. Izbrannye statii o muzykalnom proizvedenii i obrazovanii. M.- L., 1965. - 289 b.
3. Kabalevskii D.B. Pedagogicheskie razmyshlenia. - M., 1986. - 312 b.
4. Abdýllin E.B., Nikolaeva E.V. Mýzykalyq bilim berý teoriiasy: Joǵary oqý oryndarynyń stýdentteriniń oqýlyǵy /qurastyryp aýdarǵan N. Dúkenbai. / PMPI baspasy, 2007. -173 b.
5. Baltabaev M.H. Pedagogikalyq mádeniettaný: Oqý quraly. - Almaty: Altynsarin atyndaǵy RNK KAO, 2000. - 216 b.
6. Djerdimalieva R.R. Qazaqstan mýzykalyq bilimi. Orta jáne joǵary oryndarynda oqıtyn stýdentterge arnalǵan oqý quraly.1 basylım. Almaty, 2007. - 272 b.
7. Qulmanova Sh.B. Qazaq halqynyń mýzykasy quraldarymen tómengi synyp oqýshylaryn tárbielýdiń teoriiasy men tájiribesi. - Almaty, 1999. - 218 b.
8. Raimbergenov A., Amanova S. Programma "Mýrager". - Almaty, 1999. - 79 b.
9. Komenskii Ia.A. Velikaia didaktika. - M.: Pedagogika, 1982. - 654 b.
10. Japbarov A. Qazaq tilin pánaralyq barlanysta oqytý arqyly oqýshylardyń tilin damytýdyń ǵylymi-ádistemelik negizderi. - Astana, 2009 162 b.
11. Mýzyka: Jalpy bilim беретін мектептің 4-арналған оқулық / Qulmanova Sh., Súleimenova B., Toqjanov T. - Almaty: Atamura, 2019. - 172 b.
12. Beineleý óneri. Orta bilim berý mazmunyn jańartý aiasynda bastaýysh mektepke (1-4 synypтар) arnalǵan oqý baǵdarlamasy (30 pilottyq mektepterde synaqtan ótkizý úshin baiqaý nusqasy). - Astana, 2015. - 49 b.